обращаться по адресу:**

до 01.01.2011: Россия, 129223, Москва, Проспект Мира, ВВЦ, пав. 46
с 01.01.2011: Россия, 127018, Москва, ул. Двинцев, дом 12, корп. 1

ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

КІР ЖУҒЫШ МАШИНА

Мазмұны

Орнату, 14-17

Орауын шешу және нивелирлеу
Су құбырына және электрге қосу
Бірінші кір жуу циклі
Техникалық сипаттамалар

Кір жуғыш машинаның және бағдарламаны іске қосу тәртібінің сипаттамасы, 18-21

Басқару панелі
Индикаторлар
Бағдарламаны іске қосу тәртібі

Бағдарламалар, 22-23

Бағдарламалар кестесі

Жекелендірілген күйге келтіру, 24-25

Температураны реттеу
Кептіруді бағдарламалау
Қосымша функциялар

Кір жуғыш құралдар және жуылатын кір түрлері, 26-27

Кір жуғыш құралдарды бөлгіш
Кірді дайындау
Күтіммен жуылатын заттар
Кірді теңгерімдеу жүйесі

Сақтандыру шарттары және ұсыныстар, 28

Жалпы қауіпсіздік талаптары
Қайта өңдеп пайдаға асыру
Люктің апаттық жағдайда ашылуы
Сақтау және тасымалдау шарттары

Техникалық қызмет көрсету және күтім, 29-30

Су мен электр тогын өшіру
Кір жуғыш машинаның күтімі
Кір жуғыш құралдарды бөлгіштің күтімі
Люк пен барабанның күтімі
Сорғыш күтімі
Су жүретін шлагіні тексеру

Ақауларды табу және оларды жөндеу әдістері, 31-32

Сервистік қызмет көрсету, 33

ОРНАТУ


! Кір жуғыш машинаны сатқан, біреуге берген немесе жаңа пәтерге көшкен жағдайда, оның жаңа иесі машинаның жұмыс істеу тәртібімен және тиісті ескертулермен танысуы үшін, осы нұсқаулық машинамен бірге сақталуы тиіс.

! Нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз: онда жабдықты орнату, пайдалану және қауіпсіздік шаралары туралы маңызды мәліметтер баяндалған.

Орауын шешу және нивелирлеу

Орауын шешу

1. Машинаның орауын шешіңіз.
2. Тасымалдау кезінде зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Зақымдалған, бүлінген жағдайда, машинаны қоспай тұрып жеткізушіге хабарлаңыз.




3. Тасымалдау кезінде машинаны зақымдалудан сақтандыратын 4 тасымалдау болты мен тиісті кергіш шайбасымен резина бітеуішті шешіңіз, олар машинаның артқы жағында орналасқан (*сызбаны қара*).
4. Тесіктерді қоса берілген пластик бітеуіштермен жабыңыз.
5. Барлық детальдарын сақтап алып қалыңыз: олар машинаны тасымалдаған жағдайда қайта орнату үшін қажет болады.

! Балаларға машинаны ораған материалдармен ойнауға рұқсат етпеңіз.

Нивелирлеу


1. Кір жуғыш машинаны қабырғаға, жиһазға және басқа да заттарға сүйемей, тегіс және берік еденге орнатыңыз.




2. Егер еден тегіс горизонтальді болмаса, машинаның алдыңғы аяқтарын биіктігі бойынша реттеп, тегіс емес жерді тегістеңіз (*сызбаны қара*). Машинаның бетіне орналастырылған деңгейлік арқылы өлшенген еңіс 2° артық болмауы тиіс.

Дәл нивелирлеу кір жуғыш машинаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді, жұмыс істеу кезінде теңселуін және орнынан жылжып кетуін болдырмайды. Машинаны кілем немесе ковролин үстіне орнатқан жағдайда, аяқтарын кір жуғыш машинаның астында желдеткіш орын қалатындай етіп реттеуіңіз керек.

Су құбырына және электрге қосу Су жүретін шлангіге қосу тәртібі



1. Су жүретін шлангіні $\frac{3}{4}$ газ оймалы суық су кранына бұрап қосыңыз (*сызбаны қараңыз*). Қосар алдында су жүретін кранды одан таза су аққанша ашыңыз.



2. Су жүретін шлангіні машинаға артқы жоғарғы оң жағында орналасқан арнайы су жүретін кранға винттеп қосыңыз (*сызбаны қара*).
3. Су жүретін шлангі бұралып немесе қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.


! Су жүретін крандағы су қысымы кестеде көрсетілген мәннің шегінде болуы тиіс
Техникалық деректер (*қасындағы бетті қара*).

! Егер су жүретін шлангінің ұзындығы жеткіліксіз болса, арнайы дүкенге немесе Авторизациялық сервис орталығына хабарласуға болады.


! Ешқашан қолданыста болған шлангіні қолданбаңыз.

! Машинаға қоса берілетін шлангілерді қолданыңыз.

Су төгетін шлангіні қосу



Су төгетін шлангіні бұрамай, ағызатын құбырға немесе еденнен 65-тен 100 см. дейінгі биіктіктегі қабырғадағы ағызатын тесікке қосыңыз.



немесе қоса берілген бағыттаушыны кранға бекітіп, шлангіні раковинаға не ваннаға орналастырыңыз (*сызбаны қара*). Су төгетін шлангінің бос ұшы суға батпауы тиіс. **!** Ұзартқыш шлангілерді пайдалану құпталмайды. Қажеттілігі болған жағдайда, ұзартқыш диаметрі түпнұсқа шлангінікі сияқты болуы және оның ұзындығы 150см. артық болмауы тиіс.

Электр желісіне қосу

Бұйымды электр желісінің розеткасына қосар алдында келесі аталғандарды тексеру керек:

- екі полюсті розетканың жерге тұйықтайтын контактісі жерге тұйықтағышпен қосылуы және нормативтерге сәйкес болуы тиіс;
- электр желісінің розеткасы кір жуғыш машинаның Техникалық мәліметтер кестесінде көрсетілген максималды қуаттылыққа сәйкес болуы тиіс (*шетіндегі кестені қара*);
- электр желісінің кернеуі Техникалық мәліметтер кестесінде көрсетілген мәндерге сәйкес болуы тиіс (*шетіндегі кестені қара*);
- Кір жуғыш машинаның электр розеткасы мен штепсельдің вилкасы бір типтес болуы тиіс. Ондай болмағанда, розетканы ауыстыру қажет.

! Кір жуғыш машинаны қалқа астына болса да, далада орнатуға тыйым салынады, себебі жаңбыр мен найзағай әсері қауіпті.

! Кір жуғыш машина электр желісінің розеткасына қол жеткізер бос орын болатындай етіп орналастырылуы тиіс.

! Ұзартқыштар мен үштік ток көздерін қолданбаңыз.





! Бұйымның желілік кабелі бүктелмеген немесе қысылмаған болуы тиіс.

! Желілік кабелді уәкілетті сервис орталықтары ғана ауыстырады.

Назар аударыңыз! Жоғарыда аталған ережелер орындалмаған жағдайда, фирма ешқандай жауапкершілік алмайды.


Бірінші кір жуу циклі

Машинаны орнатып болған соң, пайдалану алдында кір салмай, кір жуу ұнтағымен 2 бағдарлама бойынша бір кір жуу циклін жүргізу қажет.

Техникалық сипаттамалары	
Моделі	IWDC 71057
Өлшемі	ені 59,5 см биіктігі 85 см тереңдігі 53,5 см
Жүктемесі	бір кір жуу цикліне 1- 7 кг бір кептіру цикліне 1-5 кг
Электрлік параметрлері	машинадағы техникалық сипаттамасы бар паспортты қараңыз
Гидравликалық параметрлері	max қысым 1 Мпа (10 бар) min қысым 0,05 Мпа (0,5 бар) барабан көлемі 52 л
Сығу жылдамдығы	1000 айн./мин дейін
EN 50229 нормативіне сәйкес бақылау бағдарламасы	жуу: 2 бағдарлама, температура 60°C; 7 кг дейін жүктеме. кептіру: бірінші кептіру 2 кг. кір жүктемесімен, кептіру циклінің ұзақтығы  ; екінші кептіру 5кг. кір жүктемесімен, КЕПТІРУ тұтқасы мына күйде болады 
 	Машина Еуропалық экономикалық қауымдастықтың келесі директиваларына сай келеді: <ul style="list-style-type: none">- 89/336/ЕЕС 03.0.89 (электр магнитті үйлесімі) және келесі модификациялар- 2012/19/EU (WEEE)- 2006/95/CE (төменгі кернеу)

КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫҢ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ ҚОСУ ТӘРТІБІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Басқару панелі



Кірі жуу құралдарын бөлгіш жуу құралдары мен қоспаларды салуға арналған («Жуу құралдары мен кір түрлері» қара)

ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі кір жуғыш машинаны қосуға және өшіруге арналған.

БАҒДАРЛАМА таңдау тұтқасы бағдарламаны таңдауға арналған. Бағдарламаны орындау процесінде тұтқа жылжымайды.

Қосымша **ФУНКЦИЯЛРЫ** бар индикаторлар түймесі бар қосымша функцияларды таңдауға арналған. Таңдаған функцияға сәйкес келетін индикатор қосылып тұрады.

КЕПТІРУ реттегіші қажетті кептіру циклін таңдауға арналған («Жекелендірілген күйге келтіру» қара).

ТЕМПЕРАТУРА реттегіші температураны немесе суық сумен жууды күйге келтіруге арналған («Жекелендірілген күйге келтіру» қара).

ЦИКЛ ФАЗАЛАРЫН ҚОСУ / КІДІРІСПЕН ҚОСУ индикаторлары жуу бағдарламасы орындалуының реттілігін көрсетеді.

Қосылған индикатор ағымдағы фазаға сәйкес келеді. Егер «Мерзімін ұзарту таймері» қосылған болса, индикаторлар бағдарлама іске қосылуға қалған уақытты көрсетеді (*жанындағы бетті қара*).

ЛЮКТИ ТЕЖЕУ индикаторы люкті ашуға болатынын/болмайтынын көрсетеді (жанындағы бетті қара).

ҚОСУ/КІДІРУ индикаторлы түймесі бағдарламаны іске қосуға немесе бағдарламаны уақытша тоқтатуға арналған.

ЕСКЕРТУ: ағымдағы жуу циклін уақытша тоқтату үшін осы түймені басыңыз. Тиісті индикатор қызғылт түсте жыпылықтайды, ал ағымдағы жуу фаза индикаторы жыпылықтамай жанып тұрады. Егер ЛЮКТИ ТЕЖЕУ индикаторы өшсе, люкті ашуға болады (шамамен 3 минут). Жуу циклін тоқтатқан уақыттан қайта бастау үшін, қайтадан **ҚОСУ/КІДІРУ**-ді басыңыз.

Күту режимі


Осы кір жуғыш машина электр энергиясын үнемдеу бойынша жаңа норматив талаптарына сәйкес келеді, машина тоқтап тұрғаннан кейін қосылатын автоматты түрде өшіру жүйесімен жабдықталған (энергия үнемдеу режимі). **ҚОСУ/ӨШІРУ** түймесін бір рет басыңыз да, машинаның қайта қосылғанын күте тұрыңыз.

Индикаторлар

Индикаторлар пайдаланушы үшін маңызды мәліметтерді білдіреді. Индикаторлардың мағынасы:

Мерзімін ұзарту таймері

Егер «мерзімін ұзарту таймері» функциясы қосылған болса («Жекелендірілген күйге келтіру» қара), бағдарлама іске қосылған соң кідіріс уақытына сәйкестендірілген индикатор жыпылықтай бастайды:


3h ● 

6h ● 

9h ● 

12h ● 

Белгіленген уақыт өткен сайын, тиісті индикатордың жыпылықтауы арқылы қалған уақыт көрсетіледі.

3h ● 

6h ● 

9h ● 

12h ● 

Көрсетілген кідіріс біткен соң, белгіленген бағдарлама белсендендіріледі.

Циклдің ағымдағы фазасының индикаторлары:

Кір жуу циклі таңдалып, іске қосылған соң, бағдарламаның орындалу жүйелігін көрсететін индикаторлар бірінен кейін бірі жана бастайды:

● 

Жуу

● 

Шайқау

● 

Сығу/Төгу

● 

Кептіру

● END

Циклдің соңы

Ескерту: кептіру циклі аяқталған соң, КЕПТІРУ тұтқасын «0» күйіне келтіру қажет.

Қосымша функция түймелері мен тиісті индикаторлар

Функция таңдағанда тиісті түйме жанады.

Егер таңдаған функция белгіленген бағдарламамен сәйкес келмесе, тиісті индикатор жыпылықтайды, және мұндай функция қосылмайды.

Егер таңдаған функция басқа, бұрын белгіленген қосымша функциямен сәйкес келмесе, бірінші таңдаған функцияның индикаторы жыпылықтайды және тек қана екінші қосымша функция ғана қосылады, қосылған функцияның индикаторы жанады.

🔒 Люкті тежеу индикаторы

Люк кенеттен ашылып қалмауы үшін, қосылған индикатор люк тежелгенін білдіреді. Оны ашу үшін индикатордың өшкенін күте тұрыңыз (шамамен 3 минут). Егер люкті циклді іске қосқан соң ашу керек болса, ҚОСУ/КІДІРУ түймесін басыңыз. ЛЮКТИ ТЕЖЕУ индикаторы өшкен кезде люкті ашуға болады.




! «Жуу кезеңдері» мен ЛЮКТИ ТЕЖЕУ индикаторларының жылдам жыпылықтауы жұмыс сипаттамаларынан ауытқығанды біліреді (*«Ақаулар және оларды жою әдістері» қара*)

Бағдарламаны іске қосу тәртібі

1. Кір жуғыш машинаны ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басу арқылы қосыңыз. Барлық индикаторлар бірнеше секундқа жанып, біраздан соң өшеді. ҚОСУ/КІДІРУ индикаторы жыпылықтап тұрады.
2. Кірді барабанға салып, люкті жабыңыз.
3. БАҒДАРЛАМА тұтқасымен қажетті бағдарламаны белгілеңіз.
4. Жуу температурасын белгілеңіз (*Жекелендірілген күйге келтіру» қара*).
5. Қажеттілігі болса, кептіру циклін бағдарламалаңыз (*Жекелендірілген күйге келтіру» қара*).
6. Кір жуатын құралдар мен қоспаларды салыңыз (*«Жуушы құралдар мен кір түрлері» қара*).
7. Қажетті қосымша функцияларды қосыңыз.
8. ҚОСУ/КІДІРУ түймесі арқылы бағдарламаны қосыңыз, тиісті индикатор жасыл түспен жанады. Белгіленген циклді болдырмай кері қайтару үшін, ҚОСУ/КІДІРУ түймесі арқылы машинаны кідіріс тәртібіне қайтарыңыз және жаңа циклді таңдаңыз.
9. Бағдарлама аяқталған кезде END индикаторы жанады. ЛЮКТИ ТЕЖЕУ **🔒** индикаторы өшкен соң, люкті ашуға болады (шамамен 3 минут). Кірді шығарыңыз да, барабан кебу үшін люкті жартылай ашық қалдырыңыз. ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басу арқылы кір жуғыш машинаны өшіріңіз.

БАҒДАРЛАМАЛАР

Бағдарламалар кестесі

Бағдарламалар	Бағдарлама сипаттамасы	Макс. темп. (°C)	Макс. жылдамдық (айн./мин.)	Кептіру	Кір жуғыш құралдар			Макс. жүктеме (кг.)	Циклдің ұзақтығы	
					Алдын ала жуу	Жуу	Шай-қау			
Күнделікті бағдарламалар										
1	Алдын ала+мақта-мата өте ластанған ақ кір	90°	1000	•	•	•	•	7		170'
2	Мақта-мата: өте ластанған ақ кір	90°	1000	•	-	•	•	7		160'
2	Мақта-мата (1): өте ластанған ақ кір және берік боялған түрлі-түсті кір	60°	1000	•	-	•	•	7		180'
2	Мақта-мата (2): өте ластанған ақ кір және күтіммен жуылатын түрлі-түсті кір	40°	1000	•	-	•	•	7		170'
3	Мақта-мата: өте ластанған ақ кір және берік боялған түрлі-түсті кір	60°	1000	•	-	•	•	7		140'
4	Түрлі-түсті мақта-мата (3): өте ластанбаған ақ және күтіммен жуылатын түрлі-түсті кір	40°	1000	•	-	•	•	7		90'
5	Синтетика: өте ластанған берік боялған түрлі-түсті кір	60°	1000	•	-	•	•	3		110'
Арнайы бағдарламалар										
6	Жүн бұйымдар: жүн, кашемир және т.б. үшін	40°	800	-	-	•	•	1,5		70'
7	Жібек/перделер: жібек, вискоза бұйымдары мен іш киімдер үшін	30°	0	-	-	•	•	1		55'
8	Jeans	40°	800	•	-	•	•	3		75'
9	Sport Light	30°	600	-	-	•	•	3		70'
10	Sport Shoes	30°	600	-	-	•	•	(макс.2 жүп)		60'
Кептіру бағдарламалары										
11	Мақта-матаны кептіру	-	-	-	-	-	-	5		-
12	Синтетиканы кептіру	-	-	-	-	-	-	3		-
13	Express Wash & Dru	30°	1000	•	-	•	•	0,5		35'
Қосымша бағдарламалар										
	Шайқау	-	1000	•	-	-	•	7		36'
	Сығу	-	1000	•	-	-	-	7		10'
	Суды төгу	-	0	-	-	-	-	7		3'

Барлық тестілеу институттары үшін:

- 1) **EN 50229 Директивасына сәйкес басқару бағдарламасы: 60°C температурамен 2 бағдарламасын қосыңыз.**
- 2) **Мақта-мата кірлеріне арналған ұзақ бағдарлама: 40°C температурамен 2 бағдарламасын қосыңыз.**
- 3) **Мақта-мата кірлеріне арналған қысқа бағдарлама: 40°C температурамен 4 бағдарламасын қосыңыз.**

Арнайы бағдарламалар


Sport Light (9 бағдарлама): өте лас емес спорттық киімдерді жууға арналған (спорттық костюм, шұлық және т.б.); жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін «*Бағдарламалар кестесінде көрсетілген*» максималды жүктеме шегінен асырмауды ескертеміз. Жартылай жүктеме үшін тиісті мөлшерде сұйық жуу құралдарын пайдаланғаныңыз жөн.

Sport Shoes (10 бағдарлама): спорттық аяқ киімді жууға арналған; жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін бір жолы 2 жұп аяқ киімнен артық жууға болмайтынын ескертеміз.

Express Wash & Dry (13 бағдарлама): өте лас емес кірді жылдам жууға және кептіруге арналған. Бұл режимді таңдаған кезде бар жоғы 40 мин. ішінде 0,5 кг.дейін кір жууға және кептіруге болады. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сұйық кір жуғыш құралдарын пайдаланыңыз және киімдердің жаға-жеңдері мен дақтарды алдын ала тазалап алыңыз.

ЖЕКЕЛЕНДІРІЛГЕН КҮЙГЕ КЕЛТІРУ

Температураны реттеу

Кір жуу температурасын күйге келтіру ТЕМПЕРАТУРА реттегіші арқылы жүргізіледі. (Бағдарламалар кестесін қара). Температура мәні суық суда жууға дейін төмендетілуі мүмкін. .


Машина автоматты түрде әр бағдарлама үшін қарастырылған максималды мәннен артық температураны болдырмайды.

Кептіруді бағдарламалау


КЕПТІРУ реттегіші арқылы қажетті кептіру режимін таңдауға болады. Машинада екі режим көзделген:

A – уақыт режимі: **40** минуттан **180** минутқа дейін.




B – кірдің дымқылдығына байланысты кептіру режимі:

Үтіктеу : үтіктелетін кірге арналған. Дымқылдау кір қатпарларды азайтып, жеңіл үтіктеуге жағдай жасайды.

Ілгішке : толық кептіруді талап етпейтін кірлерге арналған.

Шкафқа : үтіктелмей, шкафқа салынатын кірлерге арналған. Дисплейде көрсетіледі. Егер жуылатын және кептірілетін кірдің салмағы рұқсат етілген максималды жүктемеден асатын болса (Бағдарламалар кестесін қара), жуу циклін орындаңыз, жуу аяқталған соң, кірді бірнеше бөліктерге бөліп кептіріңіз. «Тек қана кептіру» функциясын сипаттайтын нұсқаулықты орындаңыз. Қалған кірді кептіру үшін де аталған операцияларды қайталаңыз.

Кептіру ұзақтығының кестесі (шамамен алғандағы мәндер)

Матаның түрі	Жүктеме	Макс. жүктеме (кг)	Шкафқа 	Ілгішке 	Үтіктеу 
Мақта-мата	Түрлі мөлшердегі кірлер, түкті сүлгілер	5	250	210	190
Синтетика	Ақжаймалар, жейделер, пижамалар, шұлықтар және т.б.	3	180	130	115

Тек қана кептіру

Бағдарламаны таңдау тұтқасы арқылы кір түріне байланысты (**11-12-13**), кептіру режимін таңдаңыз. Сонымен қатар, КЕПТІРУ түймесі арқылы қажетті кептіру режимін немесе кептіру ұзақтығын таңдауға болады.

Қосымша функциялар

Кір жуғыш машинаның әртүрлі функциялары кіріңіздің тазалығы мен кіршіксіздігін қамтамасыз етеді.

Функцияларды таңдау тәртібі:

- өзіңізге қажетті функцияның түймесін басыңыз.
- тиісті индикатордың жануы функция іске қосылғанын білдіреді.

Ескерту:

- Егер таңдалып алынған функция берілген программамен үйлеспейтін болса, сәйкес индикатор өшіп-жана бастайды да, мұндай функция іске қосылмайды.

- Егер алдында таңдалып алынған функциямен сәйкес келмейтін функция таңдалса, онда алдыңғы таңдалып алынған функцияның индикаторы өшіп-жана бастайды да, екінші қосымша функция ғана қосылады, қосылған функцияның индикаторы жанады.

Eco Time

Бұл опция таңдалған жағдайда, өте лас емес мақта-мата және синтетикалық бұйымдар үшін механикалық қозғалыс, температура немесе су жүктемесі төмендетілуі үшін оңтайландырылады («Бағдарламалар кестесін» қара). «Eco Time» режимінде су мен электр энергиясын үнемдеп, кірді қысқартылған мерзімде жууға болады. Тиісті жүктеме мөлшеріне сәйкес келетін сұйық жуу құралын пайдалануды ұсынамыз.

1000-500

Бұл түйме арқылы сығу жылдамдығы қысқарады.



Жайлап үтіктеу

Бұл функцияны таңдаған жағдайда, кір жуу және сығу циклдері кірдегі қатпарларды азайтатындай етіп өзгереді. Цикл аяқталған соң машинаның барабаны жайлап айнала бастайды. ЖАЙЛАП ҮТІКТЕУ және ҚОСУ/КІДІРУ опциялар индикаторлары жыпылықтай бастайды (бірінші жасыл, екінші қызғылт), содан соң «END» индикаторы жанады. Циклді аяқтау үшін ҚОСУ/КІДІРУ немесе ЖАЙЛАП ҮТІКТЕУ түймесін басыңыз. **Жібек (7)** бағдарламасын таңдаған жағдайда, машина циклді суды төкпей аяқтайды, содан соң ЖАЙЛАП ҮТІКТЕУ функциясы индикаторы мен ҚОСУ/КІДІРУ индикаторы жыпылықтайды (қызғылт түспен), «Шайқау» фазасы индикаторы жыпылықтамай жанып тұрады. Суды төгіп, кірді алу үшін ҚОСУ/КІДІРУ немесе ЖАЙЛАП ҮТІКТЕУ түймесін басу керек.



Мерзімін ұзарту таймері

Цикл қосылуын 9 сағатқа дейін кідіртеді.

Тиісті кідіріс мәніне сәйкес келетін индикатор өшкенге дейін түймені бірнеше рет басыңыз.

Түймені бесінші рет басқанда функция өшеді.

ЕСКЕРТУ: ҚОСУ/КІДІРУ түймесіне басу арқылы кідіріс мәнін тек қана азайту жағына қарай өзгертуге болады.

КІР ЖУҒЫШ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ЖУЫЛАТЫН КІР ТҮРЛЕРІ

Кір жуғыш құралдарды бөлгіш

Кірдің жақсы жуылу нәтижесі жуу құралының дұрыс мөлшеріне де байланысты: артық мөлшердегі кір жуғыш құралы кірдің тазарақ жуылуының кепілі емес, керісінше, кір жуғыш машинаның ішінде қақ пайда болуына және қоршаған ортаның ластануына әкеледі.

! Кір жуғыш құралдарды қолмен жуылатын кір үшін қолданбаңыз, себебі мөлшерден көп көбік пайда болады.



Бөлгішті суырып шығарып, оған жуғыш құралды немесе қоспаны келесі аталған тәртіпте салыңыз.

1-бөлім : Алдын ала жууға арналған жуғыш құрал (ұнтақ)

1-бөлім : Кір жууға арналған жуғыш құрал (ұнтақ немесе сұйықтық)

Кір жууға арналған жуғыш құралды тікелей машинаны іске қосар алдында құю керек.

1-бөлім: қоспалар (шайғыш және т.б.)

Шайғыш құралды бөлім торынан артық құймаңыз.

Жуылатын кірді дайындау

- Жуылатын кірді келесі сипаттарына қарай бөліңіз:
- Мата түрі / этикеткадағы белгі бойынша;
- Түсі: түрлі-түсті кірді ақ кірден бөліңіз.
- Қалталардан барлық заттарды алып тастаңыз және түймелерін тексеріңіз.
- Құрғақ кірге арналған максималды барабан жүктемесінен асырмаңыз:

Төзімді маталарға: макс. 7 кг.

Синтетикалы маталарға: макс. 3 кг.

Ерекше күтімді маталар: макс. 2 кг.

Жүн: макс. 1,5 кг.

Жібек: макс. 1 кг.

Кірдің салмағы

1 ақжайма 400-500гр.


1 жастықтың тысы 150-200гр.

1 дастархан 400-500гр.

1 халат 900-1200гр.

1 сүлгі 150-250гр.

Күтіммен жууды талап ететін бұйымдар

Жүн: кір жуғыш машинаның **6** режимінде кез келген жүн бұйымдарды, соның қатарында «тек қана қолмен жуу»  этикеткасы бар заттарды да жууға болады. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін арнайы жуу құралын пайдаланыңыз және 1,5 кг. кір жуу жүктемесінен асырмаңыз.

Жібек: барлық жібек заттарды жуу үшін арнайы **7** бағдарламасын пайдаланасыз. Күтіммен жуылатын маталарға арналған арнайы жуу құралын пайдаланған жөн.

Перделер: оларды жинап, қоса берілген қапқа салу қажет. **7** бағдарламасын пайдаланасыз.

Jeans: жуар алдында бұйымның іш жағын аударып, сұйық жуғыш құралды құясыз. **8** бағдарламасын пайдаланасыз.

Кірді теңгерімдеу жүйесі

Әрбір кірді сығар алдында шамадан тыс тербелісті болдырмау және барабанда кірді тең бөлу үшін, машина кір жуу жылдамдығынан асатын жылдамдықпен айналады. Егер бірнеше әрекеттен кейін кір дұрыс теңгерімделмесе, машина кірді көзелген мөлшерден төмен жылдамдықпен айналдырып сығады.

САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР

! Кір жуғыш машина халықаралық қауіпсіздік нормативтеріне сәйкес жобаланған және жасалған. Сіздердің қауіпсіздіктеріңіз үшін жазылған осы ескертулермен мұқият танысып шыққаныңыз дұрыс.

Жалпы қауіпсіздік талаптары

- Осы кір жуғыш машина тек қана үйде пайдалануға арналған.
- Кір жуғыш машинаны осы техникалық нұсқаулықта аталған ережелерді орындайтын, тек қана ересектер пайдалануы тиіс.
- Бұйымды су қолмен, жалаңаяқ немесе су киіммен ұстамаңыз.
- Машинаны электр розеткасынан ажырату үшін желі кабелін тартпай, вилканы қолмен ұстап ажаратыңыз.
- Кір жуылып жатқан кезде кір жуғыш ұнтақты бөлгішті ашпаңыз.
- Төгілетін суға қолыңызды салмаңыз, ол өте ыстық болуы мүмкін.
- Люкті күшпен ашуға болмайды, себебі машинаны кездейсоқ ашылудан сақтайтын қорғаныс механизмі зақымдалуы мүмкін.
- Зақымдалған, бүлінген жағдайда өз бетінше жөндеу үшін машинаның ішкі механизмдерін ашуға тыйым салынады.
- Жұмыс істеп тұрған машинадан аулақта болғаныңыз дұрыс.
- Кір жуу кезінде машинаның люгі қызып кетуі ықтимал.
- Машинаны орнынан ауыстыру қажет болған жағдайда, оның салмағы ауыр болғандықтан, аталған операцияны жалғыз емес, екеулеп мұқият орындау керек.
- Жуылатын кірді машинаға салар алдында, барабан бос екеніне көз жеткізіңіз.
- Кептіру процесінде кір жуғыш машинаның люгі қызып кетуі ықтимал.
- Жанғыш ерітінділерді (мысалы, триелин) қосып жуған кірді автоматты түрде кептіру құпталмайды.
- Паралон бұйымдар мен соған ұқсас эластомерлерге автоматты кептіруді қолданбаңыз.
- Кептіру кезінде су құбыры ашық болуын тексеріңіз.

Қайта өңдеп пайдаға асыру

- Орау материалдарын жою: орау материалдарын қайта өңдеп пайдаға асыру үшін жергілікті нормативтерді сақтаңыз.
- Электронды және электр құралдарын қайта өңдеп пайдаға асыру туралы 2002/96/CE Еуропалық директиваға сәйкес, электр құралдарын қаланың қоқысымен бірге тастауға болмайды. Істен шыққан құралдардың қайта өңделіп пайдаға асырылуын оңтайландыру және рекуперациялау, сонымен қатар қоршаған орта мен денсаулық қауіпсіздігі үшін, олар бөлек жиналып сақталуы тиіс. Барлық құралдардағы сызылған қоқыс салатын кәрзеңке белгісі оларды бөлек жинап қайта өңдеу қажет екенін ескертеді.

Тұтынушылар тұрмыстық электр құралдарын дұрыс қайта өңдеу туралы толығырақ ақпаратты арнайы мемлекеттік ұйымдарда немесе дүкенде ала алады.

Сақтау және тасымалдау шарттары

- Буып түйілген кір жуғыш машина табиғи түрде желдетілетін, ылғалдығы 80 %-дан аспайтын жабық жайда сақталуы тиіс. Кір жуғыш машина ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса және жылытылатын жайда сақталса, ішіндегі суды толығымен ағызу керек. Тасымалдамас бұрын кір жуғыш машинаның барабанына зақым келмеуі үшін, тасымалдау бұрандаларын машинадағы төлкелерге бекіту керек. Кір жуғыш машина бір орынға мықтап бекітіліп, кез келген жабық көлікпен тік қалыпта (жұмыс істеген кездегі қалпы) тасымалдануы тиіс. Тиеген және түсірген кезде кір жуғыш машинаға механикалық соққы тигізуге **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

Техникалық қызмет көрсету және күтім


Су мен электр тогын өшіру

- Әр кір жуып болған сайын су құбырын жауып отырыңыз. Бұл әрекет машинаның су жүретін жүйесі тозуынан және су ағып кету қаупінен сақтайды.
- Кір жуғыш машинаны тазалау және техникалық жөндеу барысында штепсель вилкасын электр розеткасынан ажыратыңыз.

Кір жуғыш машинаның күтімі

Кір жуғыш машинаның сыртқы және резина бөліктерін тазалау үшін сабынды жылы суға ылғалдандырылған шүберекті пайдаланыңыз. Еріткіштер мен абразивті тазалау құралдарын қолданбағаныңыз жөн.

Кір жуғыш құралдарды бөлгіштің күтімі



Кір жуғыш құралдарды бөлгішті жоғары көтере, сыртына қарай тартыңыз (*сызбаны қара*). Бөлгішті жылы сумен жуыңыз. Аталған операцияны үнемі орындап отыру қажет.

Люк пен барабанның күтімі

- Кір жуғыш машинаны пайдаланғаннан кейін, барабанда жағымсыз иіс болмау үшін, люк жартылай ашық тұрғаны дұрыс.

Сорғыш күтімі


Кір жуғыш машина техникалық жөндеуді қажет етпейтін, өзі тазаланатын сорғышпен жабдықталған. Солай бола тұра, ұсақ заттар (тиын, түйме) сорғышты қорғайтын, оның төменгі жағында орналасқан қаптамаға түсіп кетуі мүмкін.

! Цикл аяқталғанына көз жеткізген соң, штепсель вилкасын электр розеткасынан ажыратыңыз.

Каптамаға қол жеткізу үшін:



1. Бұрағыштың көмегімен кір жуғыш машинаның алдыңғы панелін шешіңіз (*сызбаны қара*).



2. Қақпағын сағат тіліне кері бағытта бұрап шешіңіз (*сызбаны қара*): біраз су ағуы - қалыпты жағдай.
3. Қаптаманың ішін мұқият тазалап шығыңыз.
4. Қақпағын орнына бұрап қойыңыз.
5. Ілмектер тиісті орындарына кіргеніне көз жеткізіп, машинаның алдыңғы панелін орнына орнатыңыз.

Су жүретін шлангіні тексеру

Су жүретін шлангіні кемінде жылына бір рет тексеріп тұрыңыз. Шланг жарылған немесе жыртылған болса, ауыстырыңыз: кір жуу барысында су құбырындағы қатты су қысымы шлангіні оқыс ажыратып жіберуі мүмкін.

! Ешқашан қолданыста болған шлангіні пайдаланбаңыз.

Ақауларды табу және оларды жөндеу әдістері

Кір жуғыш машинаңыз жұмыс істемей қалған болса, Авторизациялық қызмет көрсету орталығына («Қызмет көрсетуді» қара) апарардан бұрын, ақауларды келесі аталған нұсқауларға сай жөндеу мүмкіндігін тексеріңіз.

Ақаулар	Ықтимал себептері/ Жою әдістері
Кір жуғыш машина қосылмайды	<ul style="list-style-type: none"> • Штепсель вилкасы электр розеткасына қосылмаған немесе дұрыс түйіспеген. • Үйде электр қуаты өшірілген.
Кір жуу циклі қосылмайды	<ul style="list-style-type: none"> • Машинаның люгі тығыз жабылмаған. • ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі басылмаған. • ІСКЕ ҚОСУ/КІДІРУ түймесі басылмаған. • Су жүретін кран жабық. • Циклді қосу кідірісі бағдарламаланған.
Кір жуғыш машина су құймайды (бірінші кір жуу фазасының индикаторы жиі-жиі жыпылықтайды)	<ul style="list-style-type: none"> • Су жүретін шланг кранға қосылмаған. • Шланг бұралып қалған. • Су жүретін кран жабық. • Үйде су жоқ. • Су қысымы жеткіліксіз. • ІСКЕ ҚОСУ/КІДІРУ түймесі басылмаған.
Кір жуғыш машина үздіксіз су құйып, су ағызады	<ul style="list-style-type: none"> • Су төгетін шланг еденнен 65-100см. жоғары орналастырылмаған («Орнату» қара). • Су төгетін шлангінің ұшы суға батып тұр («Орнату» қара). • Қабырғадағы су төгетін тесік ауа шығаратын вантузбен жабдықталмаған. <p>Егер жоғарыда аталған тексерулерден кейін ақау жөнделмесе, су жүретін кранды жауып, кір жуғыш машинаны өшіріп, Сервистік қызмет көрсету орталығына бару қажет. Егер сіздің пәтеріңіз ғимараттың соңғы қабаттарында орналасқан болса, сифон құбылысы байқалуы мүмкін, кір жуғыш машина сол себептен үздіксіз су құйып, су ағызады. Бұл ауытқуды жөндеу үшін, дүкенде сифон құбылысына қарсы қолданылатын арнайы клапандар сатылады.</p>
Кір жуғыш машина суды төкпейді және кірді сықпайды	<ul style="list-style-type: none"> • Таңдалған бағдарламада суды төгу көзделмеген: кейбір бағдарламалар үшін суды төгу қолмен қосуды талап етеді. • ЖАЙЛАП ҮТІКТЕУ функциясы қосылған: бағдарлама аяқталуы үшін ІСКЕ ҚОСУ/КІДІРУ түймесін басыңыз («Жекелендірілген күйге келтіру» қара) • Су төгетін шланг бүктеліп қалған («Орнату» қара). • Су ағызатын құбыр қоқыспен бітеліп қалған.
Кір жуғыш машина сығу процесінде қатты дірілдейді	<ul style="list-style-type: none"> • Кір жуғыш машинаны орнатқан кезде барабан дұрыс қойылмаған («Орнату» қара). • Кір жуғыш машина тегіс тегіс емес орналастырылған («Орнату» қара).

	<ul style="list-style-type: none"> • Машина қабырға мен жиһаз арасында қысылып орнатылған («<i>Орнату</i>» қара).
Кір жуғыш машинадан су ағады	<ul style="list-style-type: none"> • Су жүретін шланг дұрыс қосылмаған («<i>Орнату</i>» қара). • Кір жуу құралдарын бөлгіш ластанған, қоқыспен бітеліп қалған (оны тазалау тәртібі «<i>Техникалық қызмет көрсету және күтім</i>» параграфында баяндалған). • Су төгетін шланг дұрыс орнатылмаған («<i>Орнату</i>» қара).
Қосымша функциялар индикаторлары мен «іске қосу/кідіру» индикаторы жыпылықтайды, «ағымдағы фаза» индикаторларының бірі мен «ЛЮКТИ ТЕЖЕУ» индикаторы жыпылықтамай жанады	<ul style="list-style-type: none"> • Кір жуғыш машинаны өшіріңіз, штепсель вилкасын электр розеткасынан ажыратыңыз, 1 минут күтіп, машинаны қайта қосыңыз. <p>Ақау жөнделмесе, Сервистік қыммет көрсету орталығына бару қажет.</p>
Кір жуу процесінде өте көп мөлшерде көбік болады	<ul style="list-style-type: none"> • Кір жуғыш құралы машинада кір жууға жарамайды (орамасында «<i>Кір жуғыш машинада жууға арналған</i>», немесе «<i>қолмен және машинамен жууға арналған</i>» немесе т.б.) деген белгілеулері болуы тиіс. • Бөлгішке аса көп мөлшерде кір жуғыш құрал салынған.
Кір жуғыш машина кірді кептірмейді	<ul style="list-style-type: none"> • Штепсель вилкасы электр розеткасымен қосылмаған немесе түйіспейді. • Үйде электр қуаты сөндірілген. • Машинаның люгі тығыз жабылмаған. • Циклді қосу кідірісі бағдарламаланған. • КЕПТІРУ реттегіші 0 мәнінде тұр.

Сервистік қызмет көрсету

Кір жуғыш машинаны Авторизациялық қызмет көрсету орталығына апарардан бұрын:

- Ақауларды өздігінен жөндеу мүмкіндігін тексеріп көріңіз (*«Ақаулар мен оларды жөндеу әдістері» қара*).
- Машинаның жұмыс істеуге дайын екенін тексеру үшін бағдарламаны қайта қосып көріңіз.
- Машина жұмыс істемесе, кепілдік талонында көрсетілген телефондар бойынша Авторизациялық қызмет көрсету орталығына жүгінсеңіз болады.

! Авторизацияланбаған қызмет көрсету орнына бармаңыз.

Авторизациялық қызмет көрсету орталығына жүгінген жағдайда:

- Ақау түрін;
- Бұйым моделін (Мод.);
- Техникалық паспорт нөмірін (сериялық №) **хабарлау қажет.**

Сериялық нөмірі мен моделі машинаның артқы панелі мен люктің алдыңғы жағындағы паспорт кестесінде көрсетілген.

195127824.01

12/2014 - Xerox Fabriano